

Әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілерінің болуы туралы хабарламаны беру қағидаларын және оның нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 745 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 24 желтоқсанда № 12494 болып тіркелді.

РҚАО-ның ескертпесі!

Бүйрық 01.01.2016 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.09.2020 № 69 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 199-бабы 1-тармағына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН**:

1. Мыналар:

1) осы бүйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілерінің болуы туралы хабарламаны беру қағидалары;

2) осы бүйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілерінің болуы туралы хабарлама нысаны бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.09.2020 № 69 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-қызықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет - ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

E. Досаев

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 30 қарашадағы
№ 745 бұйрығына
1-қосымша

Әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілерінің болуы туралы хабарламаны беру қағидалары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 28.02.2024 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілерінің болуы туралы хабарламаны беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 199-бабына сәйкес әзірленді және әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілерінің болуы туралы хабарламаны беру тәртібін айқындайды.

2. Әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілерінің болуы туралы хабарламаны (бұдан әрі – Хабарлама) монополияға қарсы орган нарық субъектісіне, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органға, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген үйымға (бұдан әрі – Хабарлама берілген түлға) бекітілген нысанға сәйкес жібереді.

3. Хабарлама беру үшін монополияға қарсы органның мынадай белгілерді анықтауы негіз болып табылады:

- 1) Кодектің 169-бабының 2-тармағында көрсетілген нарық субъектілерінің бәсекелестікке қарсы сатылас келісімдері;
- 2) Кодектің 174-бабының 1) тармақшасында көрсетілген белгілерді қоспағанда, үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдалану;
- 3) нарық субъектілерінің бәсекелестікке қарсы келісілген әрекеттері;

4) жосықсыз бәсекелестік;

5) мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген үйымның бәсекелестікке қарсы әрекеттері (әрекетсіздігі), келісімдері.

4. Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген бұзушылықтар белгілері туралы мәліметтер көздері:

- 1) мемлекеттік органдардан түскен материалдар;
- 2) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың өтініштері;
- 3) бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламалары;
- 4) монополияға қарсы органның жеке зерттеулері болып табылады.

5. Мынадай белгілер бойынша хабарлама берілмейді:

1) Кодекстің 169-бабының 1 және 3-тармақтарында көрсетілген нарық субъектілері арасындағы бәсекелестікке қарсы келісімдер;

2) Кодекстің 174-бабының 1) тармақшасында көрсетілген үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдалану;

3) нарық субъектілерінің экономикалық қызметін үйлестіру;

4) сатып алуды жеткізу шартардан және сауда-саттыққа қатысушылардың қызметін үйлестіру.

6. Монополияға қарсы орган Хабарлама берілген тұлғаның әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) осы Қағидалардың 3-тармағында санамаланған Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын сол бұзушылық белгілерінің болуы туралы хабарлама шығарған сэттен бастап күнтізбелік бір жыл ішінде табылған кезде, монополияға қарсы орган хабарлама жібермей тергеп-тексеру жүргізу туралы шешім шығарады.

7. Осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, монополияға қарсы органның хабарлама шығармай және оны орындау мерзімі аяқталғанға дейін осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзы белгілері бойынша тергеп-тексеру жүргізу туралы шешім қабылдауына жол берілмейді.

2-тарау. Хабарламаны беру тәртібі

8. Хабарлама монополияға қарсы органға осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген белгілердің болуы туралы белгілі болған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде хабарламасы бар тапсырысты хатпен немесе хабарламаның тиісінше жеткізу фактісін тіркеуге (куәландыруға) мүмкіндік беретін байланыстың өзге де тәсілдері арқылы тапсырылады не жіберіледі.

9. Хабарлама берілген адам, егер хабарлама өзіне, оның заңды өкіліне не хат-хабар алуға уәкілеттік берілген қызметкерге жеке өзі тапсырылса немесе жөнелту және алу фактісімен расталатын өзге де тәсілмен алынса, тиісінше хабарланды деп есептеледі.

Хабарлама берілген адам да тиісті түрде хабарланған болып есептеледі:

тіркелетін пошта жөнелтілімін алудан бас тартуды қамтамасыз етеді және пошта жөнелтілімінде немесе хабарламада қолы қойылған тиісті белгі қояды. Адресат тіркелетін пошта жөнелтілімін алудан бас тартқан жағдайда, адресат пошта жөнелтілімінде немесе хабарламаға қол қойып тиісті белгі жасайды. Егер адресат тіркелетін пошта жөнелтілімін алудан бас тартса және қолын қойып тиісті белгі жасамаса, пошта операторының жұмыскері пошта жөнелтілімінде және хабарламада "Адресат пошта жөнелтілімінен және қол қоюдан бас тартты" деп белгі жасайды;

пошта жөнелтіліміне пошталық тіркеу нөмірі (сәйкестендіру әріптік-цифрлық штрих-коды) бойынша қайтару мәртебесін беру.

Хабарлама берілген адамның орналасқан жерінің мекенжайы белгісіз болған жағдайда, хабарлама берілген адамның орналасқан жерінің соңғы белгілі мекенжайы бойынша хабарлама жіберу тиісті хабардар ету деп есептеледі.

10. Хабарлама монополияға қарсы органның қатаң есептілік бланкісінде ресімделеді

11. Хабарламаны орындау және оның орындалуы туралы ақпарат беру мерзімі хабарлама берілген тұлға оны алған күннен бастап күнтізбелік отыз күнді құрайды.

3-тaraу. Қорытынды ережелер

12. Хабарлама жіберілген тұлға Хабарламаны осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген мерзімде міндетті түрде қарауға тиіс.

Хабарлама берілген тұлға белгіленген мерзім ішінде хабарламада көрсетілген талаптардың және (немесе) шаралардың орындалғаны туралы монополияға қарсы органға хабарлайды (хатқа хабарламада көрсетілген талаптардың және (немесе) шаралардың орындалғанын растайтын материалдар (құжаттар, мәліметтер, ақпарат) қоса беріледі).

13. Қосымша уақыт шығындары қажет болған жағдайда, Хабарлама берілген тұлға хабарламаны орындау мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабарламаны орындау мерзімін ұзарту туралы өтінішпен монополияға қарсы органға жүгінеді.

Хабарлама берілген тұлғаның өтінішінде хабарламаны орындау бойынша қабылданатын шаралар және хабарламаны орындау мерзімін ұзартудың объективті себептері баяндалады.

Монополияға қарсы орган онда баяндалған дәйектерді ескере отырып өтінішті алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарламаны орындау мерзімін ұзарту туралы немесе дәлелді негіздемемен ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Хабарламаны орындауды ұзарту мерзімі күнтізбелік отыз күннен аспайды.

14. Аралық жауапты ұсыну немесе хабарламаның ішінара орындалуы туралы ақпаратты ұсыну оның орындалуы болып табылмайды.

15. Хабарлама орындалған жағдайда монополияға қарсы орган коммерциялық ақпаратты қоспағанда, үш жұмыс күні ішінде хабарламаның орындалуы туралы Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзу белгілері туралы мәліметтерді ұсынған мемлекеттік органды, жеке немесе занды тұлғаны хабардар етеді.

16. Монополияға қарсы орган хабарламаны орындау немесе оны ұзарту күнінен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 11 және 13-тармақтарында белгіленген мерзімдерде тергеп-тексеру жүргізу туралы шешім шығарады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 30 қарашадағы
№ 745 бұйрығына
2-қосымша
Нысан

Әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілерінің болуы туралы хабарлама

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 28.02.2024 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(шығарылған күні) (шығарылған орны)

Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық туралы мәліметтерді талдау нәтижесі бойынша

әрекеттерінде (әрекетсіздігінде)

(хабарлама объектісінің атауы көрсетіледі)

анықталды

(хабарлама объектісі бұзған Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтың анықталған белгілері сипатталады)

Мазмұндалғаның негізінде, Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 199-бабының 1-тармағын басшылыққа ала отырып, **ХАБАРЛАЙМЫН:**

1.

(анықталған Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілері, сондай-ақ нарық субъектісі, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдар, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген үйим бұзған құқық нормалары сипатталады).

2. Хабарлама алынған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмейтін мерзімде орындалсын.

Қосымша уақыт шығындары қажет болған жағдайда хабарламаны орындау мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабарламаны орындау мерзімін ұзарту туралы өтінішпен монополияға қарсы органға жүгіну қажет.

Өтініште хабарламаны орындау бойынша қабылданатын шаралар және хабарламаны орындау мерзімін ұзартудың объективті себептері баяндалады.

3. Хабарламаның орындалуы туралы ақпаратты белгіленген мерзім ішінде растайтын материалдармен (ол болған кезде) қоса жіберу қажет.

Осы хабарламаны орындау, оны толық көлемде орындау, оны орындау мерзімін бұзу әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілерінің болуы туралы тергеп-тексеру тағайындау үшін негіз болып табылады.

Төраға

(монополияға қарсы органның аумақтық бөлімшесінің басшысы

(Аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі, қолы)) (мөрдің орны)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК